

## » Жоғары білім

Мектеппен қоштасар сәт жақындаған сайын бітіруші түлектерді оқуға қайда барамын деген сұрақ мазалай түседі. Мұның жауабы бір жағынан қарапайым әрі түсінікті сияқты көрінгенімен, екінші жағынан, мамандық алу адамның болашағын айқындайтын аса жауапты қадам екенін аңғартады.

Бүгінгі «Білім экономикасы» болашақ мамандарды даярлауға қатысты жаңа талаптар қоя бастады. Бұл талаптар талапкерлерге, студенттерге немесе түлектерге ғана емес, сонымен қатар қазіргі еңбек нарығы жағдайында білікті маман қалыптастыратын профессорлық-оқытушылар құрамына да қатысты. Кафедра қызметкері ретінде мұны бізге бірнеше рет тәжірибе жүзінде дәлелдеуге тура келді. Мұның тиімділігі халықаралық конференциялар мен қысқы мектептерді өткізу, студенттердің академиялық ұтқырлығын дамыту, гранттық бағдарламаларға қатысу және оларды іске асыру, ұлттық аккредитациядан өту сияқты нақты нәтижелерден көрінеді. Қазіргі таңда кафедрада шетелдік аккредитациядан өтуге дайындық жүргізіліп жатыр.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Экономика» білім беру бағдарламасы экономикаға бейім мамандарды даярлайды. Олар тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға, экономикалық үдерістерді талдауға және өңірлер мен елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бейімделеді. Бұл бағдарлама бойынша бакалаврларға, магистранттар мен докторанттарға сағалы білім беріледі.

## Білікті экономистер ұстаханасы

Үш деңгейлі мұндай білім беру жүйесі ізденушілердің ғылыми таным-деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұнда бастапқы кәсіби білім алудан бастап жоғары білікті ғылыми кадрларға дейін даярланады. Бүгінде бағдарлама түлектері мемлекеттік құрылымдарда, қаржы ұйымдарында, бизнес секторларда, сондай-ақ, білім беру және ғылыми мекемелерде табысты еңбек етуде.

Таяуда университетте экономика мамандықтары бойынша диссертациялық кеңестің ашылуы болды. Осыған орай ғалымдар енді экономика саласындағы диссертацияларын Шымкент қаласында қорғау мүмкіндігіне ие болды. Бұған дейін олар ғылыми ізденістерін қорғау үшін Алматыға, Астанаға немесе Қарағандыға баруға мәжбүр болатын. Бұл бір жағынан уақыт пен қаржылық шығынды талап ететін. Диссертациялық кеңестің ашылуы профессор Роза Ниязбекованың көпжылдық ғылыми мектебінің заңды жалғасы болды. Оның есімі Қазақстаннан тыс жерлерге де танымал. Роза Қалманбайқызы декан қызметін атқара жүріп, экономикалық білім мен ғылымның дамуына зор үлес қосты. Оқу орнында осы салаға бейім ғалымдардың қалыптасуына ықпал етіп, көптеген оқытушылар мен зерттеуші-

лердің диссертацияларын қорғауына көмектесті. Оның ғылыми мектебі көптеген экономистер үшін нағыз кәсіби және ғылыми тірекке айналды.

Бүгінде оның ісі табысты жалғасып келеді. Ғалымның ғылыми тәлімгерлік, сабақтастық және академиялық көшбасшылық дәстүрлері факультеттің одан әрі дамуына, кадрлық өлеуеттің нығаюына және диссертациялық кеңестің ашылуына негіз болды. Бұл Шымкенттің Қазақстандағы экономикалық ғылымның маңызды орталықтарының бірі ретіндегі ғылыми мәртебесін нығайтудың маңызды қадамына айналды. «Экономика» білім беру бағдарламасы тек сапалы білім берумен шектелмей, кәсіби өсуге, ғылыми дамуға және табысты мансап құруға мүмкіндік береді. Мұнда қазіргі заманның сын-қатерлеріне жауап бере алатын және елдің тұрақты дамуына үлес қосатын мамандар даярланады.

**Айгүл ӘЛЖАНОВА,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**Оңтүстік Қазақстан зерттеу**  
**университеті экономика**  
**кафедрасының доценті,**  
**экономика ғылымдарының**  
**кандидаты.**